

«Талпын» инклюзивті оңалту балабақшасы

Семинар тақырыбы

«Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс ерекшеліктері: Даун синдромы, ДЦП және ЗПР балаларын психологиялық-педагогикалық қолдау»

Дайындаған: Табылды Ә.

2023-2024 оқу жылы

Семинар тақырыбы

«Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс ерекшеліктері: Даун синдромы, ДЦП және ЗПР балаларын психологиялық-педагогикалық қолдау»

Мақсаты

Педагогтердің Даун синдромы, балалар церебралды сал ауруы (ДЦП) және психикалық дамуы тежелген (ЗПР) балалармен жұмыс істеудегі кәсіби құзыреттілігін арттыру, олардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес тиімді оқыту мен тәрбиелеу әдістерін таныстыру.

Міндеттері

- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың даму ерекшеліктерін түсіндіру;
- Даун синдромы, ДЦП және ЗПР балаларын оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдерді қарастыру;
- Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтің ролін анықтау;
- Тәжірибе алмасу және практикалық ұсыныстар беру.

Семинар барысы

I. Кіріспе бөлім

«Әр бала – бір әлем» тренингі

Қатысушыларға «ерекше бала» ұғымына байланысты өз ойларын айту ұсынылады.

Талқылау сұрақтары:

- Ерекше білім беру қажеттілігі дегеніміз не?
- Мұндай балалармен жұмыс жасауда қандай қиындықтар кездеседі?
- Қандай қолдау түрлері тиімді?

II. Ақпараттық бөлім

Даун синдромы бар балалармен жұмыс ерекшеліктері

Даун синдромы бар балалар көбінесе мейірімді, қарым-қатынасқа бейім және еліктеу арқылы жақсы үйренеді. Алайда жаңа ақпаратты меңгеру үшін қосымша уақыт қажет етеді.

Жұмыс түрлері:

- Көрнекілік арқылы оқыту;
- Қайталау жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру;
- Суреттер мен карточкаларды пайдалану;
- Қысқа әрі түсінікті нұсқаулар беру.

ДЦП бар балалармен жұмыс ерекшеліктері

ДЦП кезінде баланың қимыл-қозғалыс мүмкіндіктері шектелуі мүмкін. Сондықтан оқу процесін ұйымдастыру кезінде физикалық қолжетімділік маңызды.

Жұмыс түрлері:

- Жеке оқыту қарқынын сақтау;
- Арнайы құралдарды пайдалану;
- Ұсақ моториканы дамыту жаттығулары;
- Қосымша уақыт беру.

ЗПР балалармен жұмыс ерекшеліктері

ЗПР балаларында танымдық процестердің дамуы баяу жүреді, сондықтан материалды қабылдау мен есте сақтауға ерекше көңіл бөлінеді.

Жұмыс түрлері:

- Материалды шағын бөліктерге бөлу;
- Ойын технологияларын қолдану;
- Жиі қайталау;
- Сараланған тапсырмалар беру.

V. Қорытынды бөлім (10 минут)

Кері байланыс:

- «Мен бүгін білдім...»
- «Мен өз тәжірибемде қолданамын...»
- «Маған пайдалы болғаны...»-деп қорытындылайды.